№ 10-08-07/6105 от 21.09.2026

«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ»

160023, Шымкент қаласы, Nursutan Nazarbaev даңғылы, 10.
тел.: 8 (7252) 24-74-58

160023, город Шымкент, проспект Nursutan Nazarbaev,
10. тел: 8 (7252) 24-74-58

_____ №_____

_____

**Білім беру ұйымдарының
бірінші басшыларына**

Шымкент қаласы прокуратурасының 2026 жылғы 18 қыркүйектегі №2-40-26-11398 хатына сәйкес, қала аумағында орналасқан білім беру ұйымдарында «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Заңды білу - заман талабы» тақырыбында дебат ұйымдастырылып өткізілсін.

Өткізілген іс-шара бойынша ақпараттық мәліметтер мен ұзақтығы 25 секундтық, тік форматта түсірілген бейнематериалды 2026 жылғы 29 қыркүйекке дейін Басқармаға *(қосымша qasymovva13@mail.ru поштасына)* жолдау қамтамасыз етілсін.

Қосымша:___ парақ.

Басшының орынбасары **Г. Дарыбаева**

Орындаған: Н. Қасым
Тел.: 8-777-048-20-02

Подписано
21.09.2026 18:47 Дарыбаева Гульнара Турдыбаевна

Дата: 22.09.2026 09:19 Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

«Шымкент қаласының
білім басқармасы»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммунальное
государственное учреждение
«Управление образования
города Шымкент»

БҰЙРЫҚ
26.08.2026 ж
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 635 н/қ
город Шымкент

**Білім беру ұйымдарында
2026-2027 оқу жылын бастау
және сыбайлас жемқорлықтың
алдын - алу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 2-05-4/5770-И хатына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 1- тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары:**

Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты және бағыныстылығына қарамастан барлық білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталуына байланысты 2026 жылғы 1 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында салтанатты іс-шара және бірыңғай республикалық сынып сағаттары ұйымдастырылсын.

Салтанатты іс-шара білім беру ұйымдарының ғимаратында немесе оның аумағында өткізілсін.

Білім алушылардың іскерлік киім үлгісіне және білім берудің зайырлы сипаты қағидатына сәйкес келетін мектеп формасына қойылатын талаптар, сондай-ақ білім алушылардың сыртқы келбетінің ұқыптылығы мен жинақылығына қойылатын **талаптар сақталсын**.

Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

- ата-аналардан қаражат жинауға,
- аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға,
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алуға, қаражат жинауға **қатаң тыйым салынсын**.

000956

Scanned with CamScanner

«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ»

160023, Шымкент қаласы, Nursutan Nazarbaev даңғылы, 10.
тел.: 8 (7252) 24-74-58

160023, город Шымкент, проспект Nursutan Nazarbaev, 10.
тел.: 8 (7252) 24-74-58

_____ №_____

_____

№ 10-08-07/5636 от 25.08.2026

**Білім беру ұйымдарының
бірінші басшыларына**

АСА МАҢЫЗДЫ!

Шымкент қаласы білім басқармасы *(бұдан әрі - Басқарма)* 2026-2027 оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптарының бұзылуының алдын алу алгоритмін қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша: 4 парақ.

Басшы орынбасары **Г. Дарыбаева**

Орынд.: Ә. Зәкір
Тел.: 87088248970

Зәкір Әсел Абылайқызы 25.08.2026 20:03

Дата: 25.08.2026 20:03. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ»

160023, Шымкент қаласы, Nursutan Nazarbaev даңғылы, 10.
тел.: 8 (7252) 24-74-58

160023, город Шымкент, проспект Nursutan Nazarbaev, 10.
тел.: 8 (7252) 24-74-58

_____ №_____

_____

№ 10-08-07/5692 от 26.08.2026

Білім беру ұйымдарының басшыларына
(мемлекеттік және жекеменшік)

Шымкент қаласының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім күнін атап өту туралы» 2026 жылғы 18 тамыздағы № 2-05-4/5770-И ұсынымына сәйкес Білім күнін және Бірыңғай сынып сағатын өткізу жөніндегі төмендегі ұсынымдарды жолдайды.

Жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Конституциясының құндылықтарына негізделеді және адал, жауапты, еңбекқор әрі білімді, заңды, қоршаған ортаны, еңбек адамы мен Отанын құрметтейтін азаматты қалыптастыруға бағытталған **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы, **«Таза Қазақстан»** жалпыұлттық бастамасы, **«Заң және тәртіп»** және **«Адал еңбек»** қағидаттары арқылы іске асырылады.

Білім күнін өткізу туралы

2026–2027 оқу жылында **Білім күні 1 қыркүйекте** салтанатты іс-шара форматында өткізіледі *(ұзақтығы – 45 минутқа дейін)*. Білім күніне арналған салтанатты іс-шараға сыныптардың *(топтардың)* қатысуын білім алушылардың *(мектеп, колледж)* санына қарай білім беру ұйымының басшысы айқындайды.

Білім күні білім алушылардың іскерлік киім үлгісіне және білім берудің зайырлы сипаты қағидатына сәйкес келетін мектеп формасына қойылатын талаптарды, сондай-ақ білім алушылардың сыртқы келбетінің ұқыптылығы мен жинақылығына қойылатын талаптарды сақтай отырып өткізіледі.

Қазақстан Республикасының **Мемлекеттік Туын көтеру** және Қазақстан Республикасының **Мемлекеттік Гимнін орындау** міндетті түрде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарының басшылары Білім күніне арналған іс-шараларды білім алушылардың, педагогтердің, ата-аналардың *(заңды өкілдердің)* және іс-шаралардың өзге де қатысушыларының қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып өткізуді қамтамасыз етуі қажет.

Дата: 26.08.2026 19:18. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

«Шымкент қаласының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальные государственное учреждение «Управление образования города Шымкент»

БҰЙРЫҚ

24.12.2026г

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 630 к/у

город Шымкент

Міндетті мектеп формасы талаптарының бұзылуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14-қаңтардағы № 26 бұйрығына және 2026 жылғы 5 тамыздағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұсынған мектеп формасы талаптарының бұзылуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және әрекет ету алгоритміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14-қаңтардағы № 26 бұйрығындағы білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес мектептің ішкі тәртіп ережелеріне міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген баланы мектепке қабылдау кезіндегі мектеп формасына және мінез-құлық стандарттарына қойылатын белгіленген талаптар туралы баланың ата-анасына немесе заңды өкілдеріне хабарлау, ата-анасынан немесе заңды өкілінен жоғарыда аталған талаптармен танысқандығы туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес келісімшарт жасалсын.

3. Міндетті мектеп формасының үлгісі мен ережесі мектеп фойесінің оқушылар мен ата-аналарға немесе заңды өкілдеріне көрінетін жеріне, мектептің ресми сайтында, басқа да ақпараттық ресурстарда жарияланысын.

4. Білім беру ұйымының базасында орта білім беру ұйымының профилактикасы жөніндегі Кеңесін құру *(бұдан әрі - Кеңес)* және Кеңестің құрамы мен міндеттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Оқушылардың мектепке міндетті мектеп формасын киіп келуі жалпы мектеп қызметкерлері, кезекшілер, сынып жетекшілері тарапынан бақылауға алынсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын әлеуметтік және қосымша білім беру бөлімінің бас маманы О. Зәкірова жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшы орынбасары Г. Дарыбаеваға жүктелсін.

Басшы **К. Некаков**

000931

Scanned with CamScanner